

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 1 шілдедегі N 150в қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2003 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

1) көрсетілген қаулыға 614-қосымшада :

5-тармақтағы "міндеттері:" деген сөзден кейін "жергілікті соттардың судьялары үшін компьютерлер, принтерлер, автокөліктер, пәтерлер сатып алу;" деген сөздермен толықтырылсын ;

6-тармақтың кестесіндегі "Бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру жөніндегі шаралар" деген 5-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Саны 215 дана компьютерлер; саны 205 дана принтерлер; саны 109 бірлік, оның ішінде қозғалтқыштар көлемі 1600-ден 2000 т.см. дейін - 72 бірлік, 2000-нан 2500 т.см. дейін - 35 бірлік, 2500 т.см. жоғары - 2 бірлік автокөліктер; жергілікті соттардың судьялары үшін 70 пәтер сатып алу. 60 ғимаратты және үй-жайларды күрделі жөндеуден өткізу."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі